ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 30 қыркүйек № 3313-25-00-2/1496 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.С.Джолдасова
С.Б.Курманбекованың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Гульнара Кабдолдаевна Кабидолдаева - «Байсат» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Самат О.М.
Аудармашы А.А.Габит
Талап қоюшының өкілі Г.Е.Исиркова
Жауапкердің өкілі А.А.Конарбаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 28 қаңтарда «Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын, Тапсырыс беруші) мен Гульнара Кабдолдаевна Кабидолдаева - «Байсат» жеке кәсіпкері (бұдан әрі – Орындаушы, жеке кәсіпкер) араларында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы 9 шарты (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың жалпы сомасы 710 000 теңгені құрайды.

Шарт жасалған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы енгізілген.

Орындаушы Шарт бойынша Тапсырыс берушіге 2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында 480 шаршы метр 2500 баннерлер,

стендтерді/тақтайшаларды/жазуларды дайындау бойынша жұмыстарды техникалық ерекшелікке сәйкес баннердің эскизі келісілген сәттен бастап 24 сағат ішінде Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша дайындауға және орнатуға міндеттелген.

Шарт бойынша Орындаушымен Тапсырыс берушіге 465 500 теңгеге қызмет көрсетілген.

2025 жылғы 24 тамызда Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы Орындаушыға Конституция күніне орай баннерді дайындап беруге өтінім берген.

2025 жылғы 25 тамызда Тапсырыс берушімен мемлекеттік веб-порталы арқылы Орындаушыға Шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жолданған.

2025 жылғы 29 қырүйекте Шарт Тапсырыс берушімен біржақты тәртіпте бұзылған.

Талап қоюшы жауапкер Шартта өзіне жүктелген міндеттемені орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және 12 070 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 30 қыркүйектегі ұйғарыммен тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 279-бабының 1) тармақшасы негізінде қараусыз қалдырылған.

Жауапкер талап қоюға қарсы пікір ұсынып, онда талап қоюмен келіспейтінін, себебі Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанын, осыған байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюдың бөлігін қанағаттандырудан бас тартуды, ал тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талапты сотқа дейінгі хабарламаны алмауына байланысты қараусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Г.Е.Исиркова талап қоюды толықтай қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі А.А.Конарбаева талап қоюды мойындамай, қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Істі сот талқылауына дайындық кезінде талап қоюшының өкілінің ұсынысы негізінде жауапкерге Шарт міндеттемелерін орындау мақсатында баннер дайындау үшін уақыт берілді, алайда белгіленген уақыт аралығында жауапкер басқа шарттар бойынша мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы тізіміне еніп кетуіне байланысты бұл Шарт міндеттемелерін орындаудан бас тартатынын және Шартты біржақты тәртіпте бұзуға келісетінін жеткізді.

Прокурор О.М.Самат мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою толығымен қанағаттандырылуға жатады деген қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 07.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 07.11.2025, судья Киргабаков М. Б., 10.11.2025

3313-25-3-1/1553

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3), 4) тармақшаларына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы талаптарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер Шарт бойынша Тапсырыс берушіге 2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында 480 шаршы метр 2500 баннерлер, стендтерді/тақтайшаларды/жазуларды дайындау бойынша жұмыстарды техникалық ерекшелікке сәйкес баннердің эскизі келісілген сәттен бастап 24 сағат ішінде Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша дайындауға және орнатуға міндеттелген.

2025 жылғы 24 тамызда Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы Орындаушыға Конституция күніне орай баннерді дайындап беруге өтінім берген.

Алайда белгіленген уақытта жауапкермен талап қоюшыға сұратылған баннер жеткізілмеген.

Сол себепті 2025 жылғы 25 тамызда Тапсырыс берушімен мемлекеттік веб-порталы арқылы Орындаушыға Шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жолданған.

Нәтижесінде 2025 жылғы 29 қыркүйекте Шарт Тапсырыс берушімен біржақты тәртіпте бұзылған.

Яғни, жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемелерді толық орындамағаны сотта анықталды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуіріндегі № 4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы»

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 07.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 07.11.2025, судья Киргабаков М. Б., 10.11.2025
3313-25-3-1/1553

нормативтік қаулысының 8-тармақшасына сай мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Шарттың талаптарын орындамау салдарынан талап қоюшыға жауапкердің әрекетімен теріс салдарлар туындағаны сотта анықталды, яғни Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн.

АК-тің 10-бабының 1-тармағына сай кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Жауапкер жеке кәсіпкер бола отырып, мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты тәуекелдерді көтереді.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған, талап қоюды сотқа уақытылы тапсырған.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден жергілікті бюджет пайдасына талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж салығы 1 966 теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер Гульнара Кабдолдаевна Кабидолдаева - «Байсат» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Гульнара Кабдолдаевна Кабидолдаева - «Байсат» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 07.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 07.11.2025, судья Киргабаков М. Б., 10.11.2025

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурор өтінішхат - шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, келтіруге құқылы.

Судья Г.С.Джолдасова

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 07.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 07.11.2025, судья Киргабаков М. Б., 10.11.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

3313-25-3-1/1553